

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК
(Жамбылдың ақындық шеберлігі туралы)

Ұлы мәдениет қайраткерлерінің мүшел тойын өткізу, оны халық мейрамының жарқын салтанатына айналдыру - еліміздің ең аяулы әрі тамаша дәстүрлерінің бірі.

Ақын мерекесін өткізу ел жинап, той тарқату емес, ол - өлеңнің өріс-биігін, деңгей-дәрежесін сарапқа салатын үлкен сын; жыр жайында әдеби-қоғамдық ой-пікірді қорытатын айтулы форум. Ақын тойының құны дастархан мәзіреті, жиын қызығымен емес, мерекеге әзірлік барысында жинақталған дәйекті деректермен, бағалы тұжырымдармен өлшенетіні сондықтан. Дәл осы тұрғыдан келгенде, Абай, Жамбыл тойларының қашан да аса жемісті, әрі нәтижелі өтетіндігін атап өту ләзім. Екі ақын жайында да көптеген бағалы естеліктер жиналды, ойлы, құнды мақалалар жазылды. Біз бұл жерде Тәкен Әлімқұловтың Абай жайындағы «Жұмбақ жан» деп аталатын кітабын ойға алып отырмыз.

- Абай қандай ақын?-деп сұрапты бірде әдебиетшілер Жамбылдан.

- Абай ақын ғана ма, ол - ғұлама, қазақтың данышпаны, пайғамбары емес пе?- деп жауап берген екен. Тәкен Әлімқұловтың жаңа дәлел, жорамалдар ұсынып, Абайдай дана, алтын діңгектен сусындаған санаттары төңірегіндегі ой-пікірлерді жаңа белеске көтергеніне қуандық. Кітап әсіресе, осысымен қымбат. Абай поэзиясы мен әндерінің болмысын, философиялық тереңдігін, жаңашылдық қуатын, ақындық айналасын Тәкен өте әдемі таратып айтқан. Ақын мұрасын зерттеуде осындай батылдық пен білімге жүйріктіктің пайдасы зор-ақ.

Ал, Жамбыл тойы төкпе шешендіктің, даңғыл жыраулықтың, импровизациялық өнердің сипатын танып-бағалауда әдебиеттану ілімінің бүгінгі шыққан биігін жақсы танытты. Жамбыл жайындағы әдеттегідей жалаң-жадағай, ұранды мақалалардан арыла бастадық, ақын өмірін, шеберлігін нақты, терең зерттеудегі бетбұрысты байқадық. Біз соған қуандық. Мұның мысалын С. Бегалин, С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, Ғ. Орманов жазған естеліктер, өмірбаяндық құнды материалдар мен Ғ. Мүсірепов, Б. Кенжебаев, М. Қаратаев, С. Қирабаев және тағы басқалар жазған ғылыми мәнді мақалалардан көруге болады.

Жамбыл мерекесі, сонымен бірге, ақын мұрасын зерттеудегі кемшіліктеріміздің бетін ашып, алдағы өтелуге тиісті міндеттер мен шешілуге тиісті мәселелерді күн тәртібіне қойып берді.

Ғабит Мүсірепов былай деп жазады: «Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды. Қазақтың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл

толғатты. Бірінші туғанда ана бесігінде өсті, екінші туғанда Отан бесігінде өсті.

Көне грек Гомерінің қайда туғанына осы күнге дейін жеті шаһар таласады. Гомер анадан туды ма, ойдан туды ма, ол әлі таласта. Қазақ Гомерінің туған елі - Ұлы жүз, Екей. Тоқсан мен жүз жастың арасындағы он жылда ұлы Жамбыл Гомер атанды. Ақын Жамбылдың ек рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да - феномен, сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр».

Расында да Жамбыл өмірінің ашылмаған сырлары көп-ақ. Жамбыл туғанда Жуковский де, Гоголь де тірі еді. Ол Шевченко мен Некрасовтың, Тургенев пен Герценнің, Достоевский мен Толстойдың замандасы болды. Абаймен де құрдас еді. Сол кезде дүниеге келіп ұзақ, әрі байтақ ақындық ғұмыр кешіп, кеңес заманында биік шыңға шыққан Жамбыл әдебиет тарихындағы ең бір таңғажайып құбылыс еді. Ең алдымен анықтап алатын феномен осы.

Ұлы Отан соғысы тұсында көпұлтты кеңес поэзиясында Жамбылдан дәрежесі, мәртебесі биік ақын болған жоқ. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Бұл да түсіндіре түсетін сыры терең феномен.

Алып ақынның бір ғасыр ғұмыры сол жүз жылдың бойында суарылған сайын шыныға түскен шар болаттың бабындай, шымырлап толысып, толқындап тасып, түрлене түскен болатын. Оның ақпа-төкпе, көрікті, кемел жыры соңғы отыз жыл ішінде, социалистік заманның асқақ жаршысы болған дәуірінде құлаш ұрып шарықтай түсті, жырлар гауһары атылды. Біз осы қасиетін әлі кең зерттеген жоқпыз.

Жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ фольклорындағы импровизациялық тамаша дәстүрді бүтіндей жаңа арнаға бұрып, жаңа мазмұндағы халық поэзиясына әсем ұштастырған Жамбылдың озық өнегесін, өнерін, жаңашылдығын да әлі күнге дейін толық айта алған жоқпыз.

Жамбыл - ізгілік жолындағы азатшыл адамзатты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі биік интернационалист ақын. Бұл сипаты да әлі терең ашылған жоқ.

Жамбылдың әр сөзінің, әр теңеуінің өзі жай ақынның жайшылықта сан ойланып, сан толғанып, таппайтын, аузына түспейтін көп асыл теңеулер, қымбат сөздер екені мәлім. Біз ақынның әсем ақындық өмірін, сыр-сымбатын әлі күнге жете таныта алмай келеміз. Көркемдік нақышы, өрнегі тұрғысынан Жамбыл жырлары - жыр дестесі арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру - біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», - деп еді Сәкен Сейфуллин. Біздің ендігі әңгіmemіз Жамбылдың ақындық шеберлігі жайында.

Жетісудың атақты батыры, әрі әбжіл шешені Бөлтірік жап-жас, балғын Жамбылға:

- Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болар,- депті ғой. Қалай болжаған десеңізші! Ұзақ жылдар тас төсеніп, мұз жастанып үнсіз жатқан Жамбыл өмірінің соңғы жылдары ұлы, жойқын жырдың қара боран дауылын соқтырып, теңіздей шайқап, дүниені дүр сілкіндірді.

Жамбылдың ұлылығы, даңғылдығы, алыптығы жайында көп жазылды, бірақ сол ұлылықтың себептері әлі толық ашылған жоқ; дәлірек айтқанда жырдан туған дананың жаңа заман тақырыбын тез игергендігі, оның жырларының идеялық қуаты ашылғанмен, ақын мұрасы шеберлік тұрғысынан әлі нақты зерттеле қойған жоқ. Бұл жөнінде толып жатқан сауалдар бар:

Сүйінбай, Шөже, Майкөт секілді жыр тарландары жас Жамбылға неге үміт артты? От ауызды, айыр тілді Бақтыбай, Бөлтіріктер неге оны құрмет тұтты? Ауыздыға сөз бермеген құлан аян Құлмамбет неден сүрінді? Жүйрік, қызба Шашубай неден тоқырап, атақты Сарбас неге жеңілді? Үмбетәлі, Кенен неге табынады? Он бір ақынды қатар жеңген Нұрила неге Жамбылға беттей алмай, безек қағады? Дүниеге екі рет жыр боп туып, жетпістен асып, сол жырдың салтанатын отыз жыл қайта құрған жер жаһанда ақын бар ма?..

Жә, естіген елге жұмбақ болған Жамбылдай ақынның төңірегінде қойылатын сұрақ та шексіз. Бұл сауалдардың жауабын алыстан іздеп сабылмай, жақыннан - ақынның туған топырағынан, төңірегінен, табиғи болмысынан іздеген жөн.

Қоқан ханы Құдиярдың Жетісу еліне салған лаңы аз болмаған. Оның датқалары елді жаялыққа айналдырып, аузына қақпақ, басына тоқпақ болған. Опасыз шапқыншылықтан әбден ерқашты болып титықтаған қалың жұрт сынаптай сырғып, жөңкіліп көше берген. Азалы шапқыншылықтан ығысып, үдере көшкен сондай бір боранды қыста Ұлдан ана көш жөнекей түйе үстінде толғатып, болашақ ақын қазіргі Жамбыл облысы, Көктерек ауданында, Жамбыл тауының баурайында ызындаған ықтырма күркеде дүниеге келеді:

Ел үркіп жүрген кезде күні-түні,
Сары аяз көш жөнекей боран күні.
Қар қауып, мұзға түскен Жамбыл екем,
Жұтынып суық ауа соққан үні.
Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,
Қамыққан қанды жасты жанды көрдім.
Ел көрдім, еңіреп босқан аңды көрдім,
Қойнында Алатаудың зарды көрдім.

Міне, дәл осындай қорлық-зорлық болған, қаһарынан зәр тамған, қылышынан қан тамған жанышты елде, азапты жерде туып, Жамбыл сол жоқ-жітікке, сансыз меһнатқа, қанқұйлы қысастыққа қарсы асыл сөзден жоңылған кек қылышын өзімен бірге ала келген.

Жамбыл тоқсан жыл бойы жыр төккен Жетісудың ауасы да, көркі де тамаша: көк майсалы, тік шыршалы алып жондар, жоталар, өр кеуделі қыраттар, ақ қайыңды, қарағайлы ну орман, шетсіз-шексіз бау-бақша, төсінде

ақша бұлттар ойнақ салған Алатаудың асқаралы шыңдары, шыңынан ассан,
оның үсті әйгілі жайлау Құлансаз.

Қызығыңды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз!
Күндерімді өткердім
Сенде жүріп ұзақ жаз.

Құлансазды осылай Жәкең жырына талай бөлеген. Жамбылдың қуат алған, нәр алған сарқылмас бұлағы, туа біткен ұшқыр қиялына қанат байлаған, сөйтіп даңқың күллі әлемге жайған шабыт көзі - жыр қайнары, мөлдір бастауы осылар болмас па? Шынында да, осыншама тұнып тұрған сұлу табиғаттың түлеген ақындыққа от бермеуі мүмкін емес еді.

Жамбылдың өнер сапарында кедергі-тосқын аз болмаған. Соның бірі - әкеден. Өлеңмен шағым айтқан жас Жамбылға, әкесі Жапа:

- «Екейде елу бақсы сексен ақын» деген сөз де жетер, сен сексен бірінші болмай-ақ қой. Ақынның түбі - қайыршылық, бақсының түбі - жын; жын жиып, бақсы болып ел кезгенше, мал бақ!»- деп қатал үкім айтады. Бірақ өлең-жырды өміріне серік еткен жас таланттың туған әкеден осылай көңілі қалып, тауы шағылғанмен, ол өзінің тұла бойын кернеген өлең жолынан қайтпаған. Қаршадай баланың:

Өлең кірген түсіне,
Жөргегінде мен болам, -

деуі де содан.

Жамбылдың ақындық жолға түсуінің ең әдепкі адымы өзінің алдындағы белгілі ақындардың өлеңдерін, ел аузындағы өлеңдерін, ел аузындағы өлең-жырларды жаттап айтудан басталады. Жас ақын Жетісу елінің ертедегі салтымен бәдік, жарапазанды да көп айтады; бірақ ол ешқашан дін, шариғат жолын үгіттемей, күлдіргі, әзіл-қалжың өлеңдерді көбірек шығарған. Жарапазанды сылтауратып, жас ақын бірде әйгілі Сүйінбайдың аулына келіп, Сүйекеңнің үйінің сыртынан ат үстінде өлеңді ағытып қоя береді. Жамбыл ұзақ жырлайды. Сүйекең жалықпай тыңдайды. Аттан түсіріп, Сүйінбай талапкерге оң батасын беріп, үстіне шапанын жабады.

Асқар Алатаудай ұстазының сынынан сүрінбей өткен бақытты күнінен Жамбыл өзін шын ақын санап, жолы да, өрісі де ашылып, тайсалмай топқа түсе бастайды.

Жамбылдың үлгі-өнеге алған мектебі - салт өлеңдер мен бір ғана Сүйінбай емес, ол сонымен бірге Шөже, Майкөт, Бақтыбай, Түбек, Жанақ, Құлмамбет, Майлықожа, Құлыншақ, Тілеміс, Қылышбай тәрізді іргелі ақындарды да өзіне өнеге, өріс санайды. Біз бұл жайында жоғарыда айттық.

Ақынның көп үйренген өнер мектебі - сөз барымтасы, айтыс. Жамбыл кейін өзі көп араласқан осы бір өнердің ұлағатты ұстаздарының біріне айналған.

Әлеуметтік ірі айтыстарға Жамбыл отыз жасынан кейін араласады. Бұл Сүйінбай қартайып тұғырдан түскен, Жетісудың атақты ақындарының арасы сирей бастаған шақ еді. Жамбылдың ендігі жерде әйгілі ақындармен топқа түсіп, бағын сынайтын, ұсақ жырдан ел тарихының шежіресіндей оқиғалы, желілі дастандар айтуға көшетін мезгілі жеткен еді. Жамбыл өмірін сыннан өткізген сондай қатал сын - оның Құлмамбетпен айтысы.

Әйгілі Түбек ақынмен, Жанакпен, Бақтыбаймен, Сүйінбаймен айқасып, үлкен сындардан өткен Құлмамбеттің түрі бөлек еді. Ойы орамды, тілі шалғыр, тапқыр, әрі алғыр Құлмамбеттің өз қарсыласын ә дегенде-ақ сөзбен буып, тұншықтырып, беттетпей тастау ежелден-ақ әдеті екен. Ол кезде Құлмамбеттің атағынан ақын біткен үріккендей еді. Тоғыз ақынды қатар жеңіп, домбыраларын керегеге таңдырып мазақ еткен Құлмамбетке сол күні Жамбылдан басқа ақын төтеп бере алмаған.

Әлі де ұлы думанға түсіп, ысылып көрмеген жас ақын ә дегенде Құлмамбеттің даңқынан қатты сескенеді. Бірақ бірте-бірте бауырын жазып, кең көсіліп, құлан аян Құлмамбеттің апшысын қуырған, сөзбен матап, тіліне тұсау салған, сөйтіп Құлмамбеттей даңғылды жеңген Жамбылдың атақ-даңқы Жетісудан асып, заты қазақ, қырғызға тегіс жайылады.

Ақындық бағын шын сынаған, қатарынан тоғыз ақынды жеңген Құлмамбеттің өзін оныншы етіп жеңіп айтыс майданынан суырылып, ойқастап жеке келген Жамбылдың ұлы күні осы еді. Бұдан кейін де Жәкең өз өмірінде еш ақынға дес бермеген. Жамбылдың айтыстары әдебиетте жап-жақсы талданып, тиісті бағасын алды. Сол себепті ақынның бұл саладағы еңбектеріне көп тоқталмадық.

Қазақтың ежелгі ақын-жыраулары тәрізді Жамбылдың да ес кіре аузына өлең түскен. Жәкеңнің ұзақ өмірінде жәй сөзінен жырлап өткен күні көп болған. Қаламы жүйрік хатшылар қарт жыраудың тоқсан мен жүз жасының арасындағы соңғы он жылғы жырларын түгел жазып үлгере алған жоқ. Ендеше қуаты қайтпаған оның алдындағы жетпіс жылдың жыр базарында Жәкең туған халқына аз сөз үлестірді дейсіз бе? Бар өкініші – сол асыл мұралар хатқа түгел түспеген.

Жамбылдың поэзия алыбы екендігі жөнінде көп жазылды дедік, десе де ақынның сырт дақыртынан асырып ештеңе айта алмай келеміз. Неге екені белгісіз, Жамбылдың таза ақындық өрнегіне терең үңілудің орнына, естелік жазған кей әдебиетшілер оның бір кезде астына мінген көк көлігін көп әңгімелеп кетеді. Жамбылдың кедей болғандығына ешкім таласпайды, оның кедейліктен көк есекке мінгені де рас шығар, бірақ сонымен бірге Жамбыл асыл жырдың дүлдүлін ұстап мінген айтулы шабандоз емес пе?

Жамбылдың аталы жырларының кеңінен ашылуға тиісті қыры да сыры да көп.

Жамбыл - небір сымбатты сөз айшықтарынан зәулім, әрі салтанатты жыр күмбезін тұрғызған өлең өрнегінің мінсіз шебері.

Оның жыр майданындағы даңғылдығы да, шабысы да - желілі дастандары мен ұзақ толғауларында. Асыл сөзді толқындай сапырған небір сұлу сөздер де, тереңнен тартқан өрелі ойлар да, бірінен-бірі асып жатқан, астасқан бейнелі, толқынды шумақтар да - сол толғауларда. Демек, алдымен Жамбыл - ұлы жырау. Оның үстіне қарт жыраудың өз сөзімен айтқанда, Жамбыл: өлеңді өрнектеп төккен, жырдан ұрық сепкен, өлеңді қойдай тоғытқан, сөздің кестесі, әннің дестесі; сөзді мініп желген, ақындықтың апшысын қуырған, жырдың өрісін ұзартқан кәрі тарлан, шашасына шаң жұқпаған саңлақ, желігі басылмаған албырт, құйындай көкке шапқан асыл пырақ; жауға қарсы жырдан оқ жонған сөзі - жалын, домбырасы - берен, жыры - оқ, дұшпанның тынысын тарылтқан жырдың ақ семсері; асыл жырдың асқар тауын соққан, өлеңнің тау мен тасын құлатқан асау өзен ағып жатқан сел, жырдың дауылы, өлеңнің қара бораны; елге жыры ем болған кәрі бармақ - сөзден туған дана; әнмен ғана мауқын басатын ақ басты Алатаудың Жамбылы, өлеңнің ұлы сүре даңғылы; көмейінен жыр қоздаған дария, терең теңіздің тұнбасы, өлеңге қанат бітірген кәрі қуат, биік бәйтерек, төкпе өлеңнің таусылмайтын бұлағы; жырдың асыл кені, тіккен туы...